Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 қазан сейсенбі
№81 (1783)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев сенбіде «Қызылорда су жүйесі» мекемесінде коммуналдық сала жетекшілерімен жоспардағы шараларды пысықтау мақсатында арнайы жиын өткізді. Жиында қаладағы коммуналдық мәселелер кеңінен талқыланып, оларды шешу жолы қарастырылды.

ЖОҒАРЫ ҚАБАТҚА СУ ЖЕТЕ МЕ?

«Қызылорда су жүйесі» МКК халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуде тың технологияны қолға алды. Бұрынғыдай көпқабатты тұрғын үйлердің жоғары қабаттарына судың көтерілмеу мәселесі шешілуде. Себебі кәсіпорын ауыз су жүйелерін кезеңкезеңімен жаңалап, белгіленген қысыммен тұтынушыларға су жеткізуде. Алайда тұтынған суға төлемейтін тұрғындар қатары әлі де бар. Сол себептен мекеменің қаржылық қуаты кемуде. Қала әкімі мәселені заң шеңберінде қарыз өндіру шараларын жүргізу арқылы реттеп, арагідік орын алатын авариялық жағдайларды коммуналдық қызмет көрсетушілерге уақытында қалпына келтіруді қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

2 БЕТТЕ

ЖОЛДАУ

НЕГІЗГІ БАҒЫТ — ӘЛЕУМЕТ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты биылғы Жолдауында көп көкейіндегі түйіткілді мәселелерге қозғау салып, алдағы атқарылар ауқымды жұмыстарды жоспарлады. Жолдауда айтылған мәселенің бірі – жалақының оң шешім табуы.

Халықтың орташа айлық табысы аз екені ел арасында бұрыннан айтылып келеді. Енді келер жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 42500 теңгеден 60 мың теңгеге дейін көбейеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республикадағы ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарау қажеттігі туындағанын Жолдауда атап өткен еді.

2 БЕТТЕ

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА...

Соңғы сапар

Біздің қазақ поэзиясының пәлсапалық деңгейге көтеріліп, батыстың әдеби үрдістерге қадам басқан уақытын Мағжан ақынның шығармашылығымен қабыстыруымыз тегін емес. Мүмкін, бұлайша шамалап, өзгеше әсерде болуымыздың себебі Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы дәстүрлі қазақ әдебиеті мен заманауи мәдени толқынды біріктіре алған құнды қасиетінде шығар. Не де болса, ақынның қазақ поэзиясының көгінде жарқырап, жиырмасыншы ғасырдағы ұлттық идеологияның жаршысы болғанын келер ұрпақ жадында сақтауы керек.

Қаламгер шығармашылығындағы ұлттық идеологияны сөз еткенде саяси өзгерістер мен көзқарастар қақтығысын атамау мүмкін емес. Әсіресе, Қызылорда қаласы ел астанасы болған шақта шаһар тағдырындағы танымал оқиғалар Мағжан ақынды да айналып өтпеді. Оның ішінде «Алқа» ұйымы, темір жол мәселесі, оқулық туралы мәліметтер қала тарихымен тығыз байланысты. М.Жұмабаевтың болмысы мен өмірлік ұстанымын айқын бағамдау үшін осы жайларды тарқату маңызды секілді.

2 БЕТТЕ

ЭКОНОМИКА

АЛТЫН – ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ АЛТЫН

Алтын қымбаттады. Осы бір ауыз жаңалық қарапайым халықты елең еткізбей қалмасы анық. Қарапайым елдің алтын құймадан жинағы болмаса да алтын бағасына еленде уі алтынның қашан да алтын екенін білдірсе керек. Әрине, қарапайым халық түсінігінде алтын зергерлік бұйым ғана. Алайда бүгінде халық қолындағы алтынын ақшадан қысылғанда «құтқарушы» деп мойындайды. Айлықтан-айлыққа дейін ақша керек болғанда алтынын алып, ломбардқа жүгіретіндер аз емес. Алтыныңызды кепілге қалдырып, ақша ала қоясыз. Ең бастысы, ломбардқа өткізген алтын бұйымыңызды уақытында ала-алсаңыз болғаны. Әрине, бұл бір ғана жалақымен күн көрген қарапайым халықтың алтынға деген көзқарасы. Алтын әшекейін қауіпсіздік қоры деп санайтындар қатары баршылық. Алайда бұл қаншалықты тиімді екенін талдап жатпай-ақ қоялық, дегенмен алтыны бардың ешкімнен қарыз сұрамайтыны анық.

Сонымен қазан айының алғашқы күні металл биржасында алтын бағамы 0,11 процент өсіп, 1760,1 долларға жетті. Лондонда кешкі банкаралық фиксингтің қорытындысы бойынша металл құны 1757,5 доллар құрады. Фиксинг бағалы металдарды жеткізуге арналған барлық келісім-шартта қолданылады.

Әлемде алтын бағасы кейінгі 30 жылда бес есе өскен. Дүниежүзілік алтын кеңесі осылай мәлімдеді. 1991 жылы баға орташа есеппен 362,3 доллар болса, 2010 жылға дейін ол мың доллардан әрі аспаған. Құнды металдың құны содан кейін шарықтап шыға келді. Мәселен, 2020 жылы 1769,6 долларға тең болса, биыл қыркүйек айындағы сауда-саттық нәтижесінде 1792,45 доллар деп бағаланды.

2020 жылы алтын бағасы үнемі рекорд орнатып, бір унциясының бағасы 2000 доллардан асты. Алайда 2021 жылдың басынан бері металл құны 10 процент шамасында арзандады. Қазір алтынның бір унциясы орташа есеппен 1,7 мың доллар көлемінде. Қазақстанның алтын валюта қоры 2021 жылдың тамыз айының соңында бір айда 1,8 миллирд доллар өсіп, 36,8 миллиард доллар құрады. Тамыз айында қазақстандықтар банктен жалпы салмағы 113,7 келі болатын 2460 құйма сатып алған. Банктер бір грамм алтынды 23,5 мың теңгеге сатып алады, 24,5 мың теңгеден сатады.

3 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

«КӨГІЛДІР ОТЫН» неге қымбат?

Күздің қара суығы адамның өңменінен өтіп-ақ тұр. Тысқа шыққанда жылы киініп шықпасаң даланың қара желі дірілдетіп әкетеді. Ал үй ішіндегі жылудың жайы басқа әңгіме. Қазір Қызылорда жұрты «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр. Бірақ бүгінде осы «көгілдір отынның» қызығынан шыжығы басым болып барады.

Ұлттық экономика министрлігінің баспасөз қызметі «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда филиалы тарифтік жоба шығындарының ережесін бұзғаны және бекітілген тарифті қолданбағаны үшін тұтынушыларға 1,5 миллиард теңгеден астам қаражатты қайтаруға міндетті екенін жариялаған еді.

3 БЕТТЕ

Цифрлық маркетинг модулі: SMM, графика, мобилография

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының алаңында келешек мамандықтарына қатысты мәселе талқыланды.

Бұл кездесу «Бастаманы қолдау» қоғамдық бірлестігінің бастамасы негізінде ұйымдастырылды.

Шараға Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева, кәсіпкерлер мен қоғамдық ұйым өкілдері, жастар қатысты.

«Бастаманы қолдау »қоғамдық бірлестігі биыл облыста «Келешек мамандықтары: Жұмыссыздық проблемаларының шешімі» жобасын жүзеге асырып жатыр. Жоба АҚШтың Халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын Орталық Азиядағы әлеуметтік инновациялар бағдарламасы аясында Еуразия қорының қолдауымен іске асырылуда.

Ұйым жетекшісі Мәдина Төлепова жоба аясында Қызылорда қаласы бойынша 31 жұмыссыз жас SMM, мобилография және графикалық дизайн курстарын қысқа мерзімде оқып, біліктіліктерін жетілдіріп, нарықта сұранысқа ие жаңа мамандық иесі атанғанын жеткізді. Қатысушыларға қосымша құралдарсыз, ұялы телефон арқылы жарнамалық материалдар дайындау жолдары үйретілген. Нәтижесінде 16 азамат жұмыспен қамтылған.

Мәдина Төлепова кездесуде жобаның тиімділігін айтып, бұл тәжірибені жұмыспен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында өткізілетін қысқа мерзімді курстарға цифрлық саладағы келешегі бар мамандықтарды қосу қажеттігіне тоқталды.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева жұмыссыздықпен күресуге арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде аймақта атқарылып жатқан жұмыстар туралы айта келе, бағдарламаның биыл аяқталатынын, жаңа құжат әзірленіп жатқанын жеткізді.

Шара қатысушылары мемлекеттік бағдарламалар негізінде жұмыссыздарды оқыту бойынша бюджет қаражатын жұмсау тиімділігін арттыру, қысқа мерзімді кәсіптік оқуға әлеуетті қатысушыларды іріктеу критерийлерін әзірлеу және біліктілік алған жұмыссыздар үшін материалдық жауапкершілік шараларын қарастыруды ұсынды. Себебі қатысушылар арасында материалдық төлемдер (стипендиялар мен жол жүру билеттері) үшін оқып, болашақта ұсынылған бос орындардан бас тартып, алған мамандықтары бойынша жұмыс жасамайтын жағдайлар кездеседі екен.

Кездесуде қысқа мерзімді кәсіптік даярлық бойынша біліктілік пен дағдылар тізбесіне аудит жүргізіп, жыл сайын еңбек нарығына талдау жасалу қажеттігі айтылды.

Сонымен бірге «Бастау Бизнес» жобасының оқыту бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылды. Атап айтқанда, болашақ кәсіпкерлер әлеуметтік медиа платформалар арқылы өз тауарлары мен қызметтерін жарнамалау дағдыларына меңгеру үшін оқыту модульдеріне цифрлық маркетинг (SMM, Mobilography, Graphic дизайн және т.б.) бойынша тренингтер енгізу қажеттігі айтылды.

Кездесу қорытындысымен айтылған ұсыныстардың барлығы Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігіне, «Атамекенге» және облыс әкімдігіне жолданатын болды.

«Ақмешіт ақпарат»

Соңғы сапар

ОҚУЛЫҚ ПЕН ОЙЛЫ СӨЗ

Сыр бойындағы Мағжан ақынның өмір жолының бір ұшқыны – оқулық. Оның мәнісі мынада, 1927 жылы Қызылорда қаласындағы ҚССР мемлекеттік баспасынан А.Байтұрсынов пен Т.Шонанұлының «Оқу құралы» хрестоматиясы жарық көрді. 5000 данамен оқырманға жол тартқан хрестоматияға қазақ қаламгерлерінің шығармалары енгізілген еді. Сол кезеңде кітапқа Мағжан Жұмабаевтың «Жазғы түнде», «Орман патшасы», «Дін үйреткенге», «Орамал», «Толқын», «Жазғытұрым» атты өлеңдері оқулықтан орын алды. Онда енгізілген таңдаулы өлеңдер ақынның тек ішкі жан сырын емес, қазақ қоғамындағы келеңсіздік пен кесірді көркем жеткізе білген. Мәселен, шайыр «Дін үйреткенге» деген өлеңінде діни қасаң қағидалардың ғылым-білімге кедергі келтіріп, халықтың қараңғылыққа бет алғанын ашына суреттейді. Заманының тынысын бағамдай білген қаламгер дінді желеу еткен ескі ұстанымнан айықпаса, қоғамның оңалмасын жеткізуге талпынғандай.

«Қарманбай, қарап жатып бақ күтуге,
Ізденбей аласұрып, тақ күтуге,
Тағдырда, бір тақтайда жазулы деп,
Әр іске кім үйретті шақ күтуге?
Шарқ ұрып ерікке ұмтылған ұшқыр жанды,
Қайнаған тамырдағы ыстық қанды
Ойламай, қорқақ құлдың тіліне еріп,
Жай жатып, тәуекелге тізгін беріп,
Мінекей, айрылдық қой бақтан, тақтан!
Қайтейін, әсіресе, есіл ерік!» – деген екен.

Егер мұны ақынның қоғамдағы олқылықты өлең тілімен айта салуы деп түсінсек, қателесеріміз анық. Қаламгердің таным-түсінігі таяз ұғымнан ары, ермек сөзден бөлек еді. Мағжанның сол кезгі кейбір дін өкілі мен дінді тәпсірлеуді сынауы елбұзар қылық емес, қайта дінді жамылып, ғылымның өркендеуіне кедергі болғандарға айтылған өкпеге келетіндей.

Тіпті шығарма соңындағы «еріктен айырылу» сөзін қолдануы да бекер емес. Адам болмысындағы қасиеттер мен мінез-құлықтың өзіндік аражігі, өлшемі бары белгілі. Ерік бостандығына ие адам ғана тар кеңістіктегі таныммен шектелмей, еркін ойға қадам басады. Ал еркін ой өнер-білім мен ғылымның кедергісіз өркендеуіне жол ашпақ. Міне, М.Жұмабаевтың «қайтейін, бақ пен тақтан, еріктен айырылдық» деп өзегі өртенуінің мәнісі – халқының діни догманың әсерінен қатардан қалғанын көргендегі реакция.

Қызылордадан шыққан оқулыққа мұнан өзге танымал «Толқын» атты өлең де енген.

«...Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын ептеп ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.
Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады...» – деп, ақын әсерлі өрілген өлеңде сезім ауанын алмастырып, сыртқы суреттеу арқылы нәзік сезімді жеткізуге тырысқан екен. Демек, Мағжан ақынның дүйім Алашқа Сыр бойынан аттанған өлең жолдарының оқырманға деген танымалдығын арттыруға сеп болды деуге негіз бар.

Қаламгердің «Педагогика», «Сауатты бол», «Алтын хакім Абайға», «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әубәкір ақсақал Диваев» еңбектері өзіндік миссия арқалады. Жалпы ақын өлеңдерінен аңғарылатын ең басты ерекшелік оның сол кезгі саяси оқиғаларға белсенді атсалысқаны болса керек. Әсіресе, өткен ғасырдың 20-30 жылдары аралығында Мағжан Жұмабаевтың қазақ қоғамын ағарту бағытындағы еңбегі мән беруге тұрарлық. Ол 1922 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Педагогика» атты ғылыми-зерттеу кітабында білім беру ісінің алғышартын атап, әдеби талаптарды саралай білген. Ұрпақ тәрбиесіне арналған іргелі еңбек енді ғана қалыптасып келе жатқан жазба әдебиеттің одан әрі қарыштауына жол салды. Мағжан өзінің терең білім иесі екенін білдіріп, батыс психологиясы талдаған адам бойындағы түсініктерді қазақыландырады. Жан тілі (психология) мен адамзат бойындағы ішкі сезім қалпы, адам болмысының психологиялық түсіндірмесі және терең теориялық ойларды қазақ қоғамына ұсына білді. Бұл діни-дәстүрлі ойлау жүйесіндегі қазақ қоғамын жаңа арнаға бұрған еңбек болғаны мәлім. Сондықтан М.Жұмабаев шығармашылығын саралағанда ақынның бұл ерлігіне соқпай кету мүмкін емес.

«АЛҚА» АЗАБЫ

Мағжан Жұмабаевтың қайнаған саяси ортаның қақ ортасында жүруі оның зиялы қауыммен етене байланысында жатса керек. Ақынның зиялы қауыммен араласқұраластығы туралы айтқанда міндетті түрде қазақ ақын-жазушылары арасындағы абырой-беделінен бастарымыз анық. Қаламгер 1912-1915 жылдары аралығында Мағжан Жұмабаев «Қазақ» газетінің редакторы қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлынан және Шығыс-Батыс мәдениетті жете түсінетін әдебиетші Міржақып Дулатовтан тәлім алады. Сол арқылы әдеби шығармадағы деңгей көтеріліп, орыс тілін меңгеруге көмегін тигізген.

Жан-жақты толысқан ақын енді тек өлең-жырмен шектелмей, тұралап қалған қазақ әдебиетін жаңа кеңістікке шығаруға талпынады. Осы ойдың жетегімен «Алқа» ұйымын құруға ниет етіп, жаңа идеяны қалыптастыруға бекіген. Тіпті кейбіреулер сол ұйымды зиялылардың ордасы – ҚазАПП (Қазақ пролетариат жазушыларының ұйымы) жанынан құруды да ойластырғанын айтуда. Ал кей деректе, керісінше, Мағжан ақын ҚазАПП-ның аяққа тұруына ғана ынталы болған.

Қаламгердің саяси жүйені сынап, қазаққа қасірет әкелетінін ерте сезгені сонша «Табалдырық» атты күрделі шығарманы жарыққа шығарады. Кейін бұл шығарма, жай шығарма емес, манифист деп аталып, еркіндік ұранына айналды. Расында, шығарма қоғамдағы күрделі саяси-әлеуметтік жағдай ушыққан кезеңде туындаған анық. Түсінген жанға 1924-1925 жылдары жазылған «Табалдырық» большевиктік идеологияның қасаң қағидалары мен дұшпандық саясатына деген қарсылық, өшпенділік еді. Бұл Мағжан күрескен, жандүниесімен қарсы болған жүйеге деген қарсы дауыс болғаны шындық.

1925 жылы Мағжан ақынның «Табалдырығымен» Орынбор, Ташкент, Петропавл секілді ірі орталықтағы зиялылар танысты. Тіпті манифест Қызылордаға да жетіп, көзі ашық азаматтардың қолдауына ие болды. Алайда зиялылардың барлығы дерлік қаламгердің ұстанымын қолдап, «Алқа» ұйымын құруға келісті деген жөн болмас. Ұйымды құруға қатаң жүйе мен озбыр саясат мүмкіндік бермеді.

Алайда солақай саясаттың салқыны қарып, ақыры Мағжанды уысына түсірді. 1924-1927 жылдары Мағжан Жұмабаев Мәскеуде В.Брюсов басқаратын жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқып жүріп, орыс әдебиеті мен Батыс Еуропа әдебиетімен терең танысқаны мәлім. 1929 жылы Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаумен 10 жылға сотталады.

АЖАЛ АУЗЫ

Ұлы мұрат арқалаған жанға қолдау білдіру – әрбір зиялының ар-намысы. Мағжан секілді еркіндік пен бостандық, ізгілік пен жақсылықты арман еткен азаматтың ажал аузынан бірнеше рет құтылуының себебі де осында болса керек. Бір мысал, Мағжан абақтыға қамалып, ажал аузында жатқан шақта М.Горький мен әйелі Екатерина Пешкова ақынға араша сұрағаны мәлім. Себебі Мағжан орыс жазушысы Горькийдің шығармашылығына тәнті болып, жоғары бағалайтын. Оған қоса 1924 жылы М.Жұмабаев Горькийге арнап «Сұңқар жыры» аударма кітап шығарған.

1929 жылы Мағжан «Алқа» ұйымын құрғаны үшін 10 жылға сотталып, Карелия лагеріне айдалғанда оған Максим Горький мен оның әйелі Екатерина Пешкова араласып, жаза мерзімін 7 жылға дейін азайтуға күш салған. Нәтижесінде қаламгер 1936 жылы бостандыққа шығады. Бұл жолы қамқор көңіл дос-жаранның ықыласын қимай, оның үстіне Мәскеуде қалуды ойластырған шайыр жаңа мақсат қояды. Алайда Мәскеудегі Мағжанға С.Мұқанов хат жолдап, елге оралуға үндеп, қызмет етуге үгіттейді. Әрине, мұнымен зиялы қауымның қалт кеткен тұсын қаралаудан аулақпыз. Бұл да құбылмалы саясаттың қыспағымен болғанға ұқсайды. Осылайша жыл өтпей, елге келген Мағжанды 1937 жылы желтоқсанда «жапон тыңшысы» деген жаламен қайта тұтқындап, артынша ату жазасына кеседі.

Мағжанның тағдыры Қызылордамен біте қайнасты десек артық емес. Алайда Сыр бойындағы шақар адуынды ақынға тек жақсылық әкелді деген болмас. Қаламгердің өміршең өлеңдері осы шаһардан қазақ даласына жайылғаны рас. Алайда ақынның Қызылордада екі мәрте қолға түсіп, абақтыға қамалғанын, тіпті соңғы сапары ажал құштырғанын ескерсек, Қызылорда ақын үшін тәуекел бекеті болғандай.

Б.ШАҒЫРОВ

Басы 1-бетте

НЕГІЗГІ БАҒЫТ — ӘЛЕУМЕТ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ

«Елімізде төменгі жалақы көлемі 2018 жылдан бері көтерілген жоқ. Әлемдік коронадағдарыс қазақстандықтардың табысына өз әсерін тигізді. Оның үстіне ең төменгі жалақы көлемі бойынша Қазақстан ТМД-ның бірқатар елдерінен артта келеді. Осы орайда 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 42500 теңгеден 60 мың теңгеге өсіру туралы шешім қабылдадым» деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Сонымен 600 мың мұғалімнің жалақысы 25 процентке, 247 мың медициналық қызметкердің біліктілік деңгейіне байланысты 20 проценттен 30 процентке дейін өсті. 21 мың штат бірлігін қамтитын әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы 50 процентке өсіп отырғаны айтылуда. Бұл сайып келгенде ел экономикасының артып, халық әлеуетінің жақсаруына айтарлықтай септігін тигізеді. Бұл мәселе үкіметтің кеңейтілген отырысында қаралды.

«1 шілдеден бастап жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері үшін 1,9 есе, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап орталық мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін 2024 жылға дейін жыл сайын 30 процентке жалақылары көтеріледі деп жоспарланып отыр. Жалпы мұғалімдердің орташа айлық жалақысы 234 мың теңгеге дейін, дәрігерлер 320 мың теңгеге дейін, әлеуметтік қызметкерлер 180 мың теңгеге дейін мемлекеттік қызметкерлер 267 мың теңгеге дейін өседі», – деді ҚР Премьер министрі Асқар Мамин.

Сонымен келер жылдан бастап, елдің орташа табысы артатыны белгілі болып отыр.

«Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді», – деді Президент.

Оның пікірінше, көлемі бүгінде жария етіп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 процентіне дейін жететін «көлеңкелі» еңбекақы қорын азайтады. Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға оң әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл жалпы ішкі өнімді 1,5 процентке дейін арттырады. Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек», – деп атап өткен болатын Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Жолдауында жыл аяғына дейін мемлекеттік бюджеттік қаражатты басқару тұжырымдамасын дайындауды және Ұлттық банк пен Үкіметке инфляция деңгейін 4-6 процентке қайтаруды тапсырған еді.

Сонымен қатар 2022 жылдан бастап ең төменгі еңбекақы 42500 теңгеден 60000 теңгеге өсуімен қатар бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбекақысы жыл сайын 20 процентке артатыны да айтылды.

Бұл бастама барлық жұмысшының айлығына өз әсерін тигізіп, жалақы көлемінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ ішкі сұранысты да арттырары сөзсіз. Мұндай бастама қазақстандықтарға зор қолдау әрі үлкен қуаныш болып отырғаны жасырын емес. Жолдауда айтылған нақты сөз, нық қадам егемен еліміздің ертеңіне апарар баянды бастама болмақ.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

ЖОҒАРЫ ҚАБАТҚА СУ ЖЕТЕ МЕ?

Жиналыста «Қызылорда тазалығы» серіктестігінің қызметі туралы да сөз қозғалды. Аталған мекеме бүгінде күзгі және қысқы тазалық жұмыстарын іркіліссіз атқаруға арнайы техникаларын сайлап, қажетті қызметтерді үйлестіруде. «Серіктестік күнделікті күл-қоқыс пен тұрмыстық қатты қалдықтарын шығарып қана қоймай, тұрғындарға түсіндірме жасап, тазалық мәдениетін қалыптастыруға да ерекше екпін қоюы керек» – деді шаһар басшысы.

Қаладағы бірден-бір мәселеге айналған қоғамдық көліктің де жай-күйі осы жиында талқыланды. Қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы бұл қызметтегі кемшіліктерді ашып айтып, мәселені реттеуді тапсырды. Оның ішінде қоғамдық көліктер жүру интервалдарын бұзып, кешкі рейстерін ерте аяқтауы, мектеп жасындағы балаларға тоқтамай, қарапайым тазалық қағидаларын орындамауы сынды мәселелер туралы сөз қозғады. Осы мәселелердің салдарынан «Қызылорда автобус паркі» ЖШС жұмысына көңілі толмаған жолаушылардың арыз-шағымдары көбейгенін айтып, жағдайды жедел реттеуде серіктестік жаңашыл жоспарларды жүзеге асыру керектігіне тоқталды. Сондай-ақ шаһар басшысы парк директорына қоғамдық көліктердің тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуін ұйымдастыруды қатаң тапсырды.

Жиын соңында қала әкімі берілген тапсырмаларды нақты орындауды міндеттеп, апта сайын жұмыстың орындалу барысын нақтылау үшін жиын өткізетінін айтты.

А.БІРКЕНОВ

Басы 1-бетте

Қазақтың көрнекті ағартушы педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына биыл 180 жыл. Мерейтойға орай Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейде «Ұлттың ұлы ұстазы» атты шара өтті. Салтанатты шараға облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова мен қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймұрзаева қатысты.

«ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ»

«Биыл – кемеңгер тұлға Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл. «Кел, балалар, оқылық!» деп Алашқа ұран тастап, зерделі ұрпақты ілімге жетелеген Ыбырай Алтынсариннің санасы сергек, жаңа буынның азаматтарын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз. Ұлағатты ұстаздың есімі берілген бұл қасиетті білім ордасы да ел игілігіне қызмет еткен абыройлы азаматтарды тәрбиелеп, қанат қақтырды. Болашаққа жол сілтейтін мұғалімнің еңбегін лайықты бағалау – маңызды міндет. Шәкірт тәрбиелеу ісіндегі жауапты қызметтеріңізге абырой тілеймін! Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын!», – деді құттықтау сөзінде облыстық білім басқармасының басшысы.

Мұнан соң Ақзира Бақтыбайқызы мен Динара Қонақбайқызы Ы.Алтынсарин ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы Қызылордада 20 қазанға дейін түрлі форматта ұйымдастырылмақ. Оның ішінде мұғалімдер арасында мүшәйра мен спорттық жарыстар өтпек. Одан бөлек Жаңақорған ауданы Талдысу лагерінде жастар тоғызқұмалақтан сайысқа түседі.

А.НҰРАЗҒАЛИ

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН ДӘРІГЕР

Мамандығына мақтанышпен қарап, халықтың алғысына бөлену – көпке бұйыра бермес бақ. Әсіресе өмірлік мамандығы тұрғындардың саулығына жәрдемдесуге бағытталса, бұдан асқан абырой болмас. 30-жылдан астам уақыт денсаулық сақтау саласында еңбек еткен Надежда Иманғалиқызы да халықтың алғысына бөлене білген білікті маман қатырында еді.

Надежда Иманғалиқызының есімі қызылордалықтарға жете таныс. Адам өміріне арашашы болуды басты міндетім деп біліп, сол кәсіби және адами ұстанымынан айнымаған ақжүрек құрмет төріне көтеріле білді. Ол 1938 жылы 3 қыркүйекте Жалағаш ауданы, Жаңаталап колхозында (қазіргі Т.Жүргенов ауылы) дүниеге келген. Зиялы отбасында өскен Надежда мектеп бітірісімен 1956 жылы Қызылорда қаласындағы медициналық училищеге фельдшер-акушер мамандығы бойынша оқуға түседі. Оқуды аяқтаған соң туған жерге қызмет көрсету мақсатында өскен ауылына жұмысқа орналасқан. Білікті маман көңілі қалаған саланы әп сәтте дөңгелетіп әкетеді.

1958 жылы Жаңаталап ауылындағы медициналық пункт меңгерушісі болып табанды қызмет етеді. Еңбегінің арқасында уақыт өте бес орынды перзентхананың ашылуына қол жеткізеді. Осылайша елдің ықыласына бөленіп, көптеген ауыл баласының «кіндік шешесі» атанды. Перзентхананың ашылуы ауыл әйелдерінің аудан орталығына шапқыламай, еш қиындықсыз медициналық көмек алуына, ана мен бала өлімінің азаюына үлкен септігін тигізді. Дәрігер тапшы, аудан орталығына жетудің өзі қиын кезеңде осындай игі іске ұйытқы болған Надежда Иманғалиқызының мұндай әрекеті өзінің мамандығы мен туған ауылына деген адалдығынан туындаған бастама екені сөзсіз. Осыдан болар, жерлестері үнемі науқастардың жанында болып, олардың аурудан айығып кетуі үшін барын салып жүрген дәрігерді «Доғдыр қыз Нәтен» деп атап кеткен.

Жалпы Надежда Иманғалиқызы еңбек жолын бастаған тұс еліміздегі тоқырау кезеңмен тұспа-тұс келді. Ел еңсесін енді тіктеп, экономикалық даму біржолға түсе қоймаған кез. Ауылда жол қатынасы әбігерге салатын. Оған қоса Сырдария өзеніне көпір салынбаған шақ. Дарияның арғы бетіне өту үшін қайықпен не пароммен өту керек. Осындай уақытта жылдың төрт мезгілінің ыстығы мен суығы, жауын-шашыны мен боранына қарамай дереу жолға жиналып, ауыр науқастар мен жүкті әйелдерді аудан орталығына уақытында жеткізіп, талай ананың нәрестесін құшағына басу бақытына кенелткен. Дәрігер үшін әр секундтың қымбат екенін әрі медицина саласы жауапсыздық пен салғырттықты көтермейтінін түсінген ол өзінің берген антына адал болды. Соның нәтижесі болар, абзал жанның ел алдында абыройы мен мерейі үстем еді.

1972 жылы Надежда жұбайы Бекраш Жүсіпов екеуі Алматы қаласына қоныс аударды. Бекраш ағамыз Қазақ энциклопедиясының редакциясында ұзақ жыл қызмет істеп, зейнетке шықты. Н.Иманғалиқызы өзінің медициналық қызметін Алматы облыстық аурухана-сының травматалогия бөлімінде мейірбике қызметі бойынша жалғастырады. Сонда алты жыл жұмыс істейді. Онан кейін 1978 жылдан бастап, зейнет жасына дейін «Строитель» санаторийінде мейірбике болып жемісті еңбек етті. Қай жерде жұмыс істесе де абзал жан өзінің адалдығынан, еңбекқорлығынан танған емес. Алдына келген адамның денсаулығына барынша мән беріп, асықпай тыңдап, ақыл-кеңесін айтып, жігерлендіріп жүретін. Білікті дәрігердің ел алдындағы еңбегі елеусіз қалмады. Өз ісіне ұқыптылығы мен адалдығының арқасында әріптестерінің ортасында да сыйлы болды.

Жалпы медицина саласы қаншалықты қиын болса да Надежда Иманғалиқызы барлық қиындығына төзіп, қателікке бой алдырмай, науқастың толық дертінен айығуына бар күш-жігерін салды. Сондай-ақ адал еңбекті алдыңғы кезекке қойды. Білетінін үйретіп, жылы сөзімен науқастардың дертіне шипа берді. Бүкіл саналы ғұмырын халық денсаулығын сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арнады. Осылайша, қиын да жауапты жолда абыроймен жүрді.

Надежда жеңгеміз өмірде ақжарқын, көркем мінезді еді. Өнерге де құмар болған. Дәрігерлігімен

қоса ауылдың көркемөнерпаздар қатарында болып, колхоздарды аралап концерт қоятын. Халық әндерін нақышына келтіре орындап, өзінің жан-жақтылығының арқасында елдің ыстық ықыласына бөленді.

Қазақта «Әйел қырық шарақты» деген сөз бар. Н.Иманғалиқызы қандай қызмет атқарса да бастық болсын, қарапайым жұмысшы болсын, отбасын қатар алып жүрді. Жұбайы Бекраш екеуі дүниеге төрт бала әкелді. Әттең-айы қызы Әлия жол-көлік оқиғасынан ертерек қайтыс болды. Қанша ауыр соққы болса да асыл ана қайғыны көтере білді. Бала-шаға бағулы, дастарханы үнемі жаюлы еді. Шаңырақтың үлкені Жібек әженің де бабын жасай білгені көңілге қуаныш ұялатты.

Алматыға көшіп барған жылдары да үйі ауылдан келген ағайыннан, онан қалды студенттерден арылмайтын. Олардың да жайын жасап, келіндік, жеңгелік қызметін мінсіз атқарды. Жолдасы қызметте болғандықтан мезгілсіз де қонақ келеді. Сол қонақты құрақ ұша, қабақ шытпай қарсы алатын. Бұл Н.Иманғалиқызының мейманға ғана емес, еріне көрсеткен құрметі болатын. Отбасыларында қабақ шыту, жел сөзге еру, бос әңгіме айту деген болған жоқ. Балаларын тәрбиелеп өсірді, бір-бір мамандық иесі атандырды. Бұл күнде үш баласы – үш шаңырақ иесі. Жолдасы Бекраш екеуі немере-шөбере сүйді. Алайда ақ халатты абзал жан, аяулы ана, асыл жар – Надежда Иманғалиева 6 қыркүйек күні 84 жасына қараған шағында мәңгілік мекеніне аттанды.

Денсаулық сақтау саласына ерекше еңбек сіңірген, дәрігер деген абыройлы атағына сай өмір сүрген Надежда Иманғалиқызының есімі, ақжарқын дидары біздің есімізде мәңгіге қалады.

Қазтай ӘБДІРЕЕВ

АЛТЫН – ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ АЛТЫН

Экономистердің пікірінше, алтын мен инфляция да бірге жұмыс істейді, өйткені инфляция — бұл ақшаны тез девальвациялаудың бір тәсілі және бұл кезде адамдар ақшаларын алтын сияқты бағамен өсетін нәрседе сақтауды жөн көреді. Сондықтан инфляция ұзақ уақыт бойына жоғары болғанда алтын инфляциялық жағдайлардан қорғайтын құралға айналады. Бұл алтын бағасының болжамын инфляциялық кезеңде жоғары деңгейге көтереді.

Алайда алтынды сақтау пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуіне жол берілмейтінін және жинақ құны қымбат металдың есебінен сақталатынын білдіреді. Шын мәнінде, кейбір салалық сарапшылардың пікірінше, қалыпты жағдайда алтын мен пайыздық мөлшерлемелер арасында әжептәуір айырмашылық бар.

Бір қызығы, кейбір елдерде алтынның бағасы ауа-райы сияқты құбылып тұрады. Мысалы, Үндістан жыл сайын 800-850 тонна алтын тұтынады, ал Үндістанның ауылшаруашылығымен айналысатындар елдегі алтын тұтынудың 60 процентін құрайды екен. Осылайша, жаңбырлы маусым алтынды тұтынуда үлкен рөл атқарады, өйткені егер егін бітік болса, фермерлер активтерді құру үшін кірістерінен алтын сатып алады.

Алтын бағасының ел экономикасына әсері қандай? Бұл орайда белгілі экономист Мақсат Халықтың пікірін білген едік.

– Алтын бағасының экономикаға әсері өте зор. Алтын – құнды металл және ұзақ жылдар бойы өзінің құндылығын жоғалтпайтынын дәлелдеген. Қаржысы бар азаматтар инаестиция құралы ретінде алтынды таңдайды. Әрине, экономикада алтын әшекей бұйымдарына емес, алтын құймалар алып қоюға кеңес береді. Себебі алтын әшекей бұйымдарда грамдалған көрінісі көбінесе сәйкес келмейді. Ал алтын құймалар өзінің құнын жоғалтпайды. Әсіресе, алтын бағасы қай кезде өседі? Көбінесе әлемде қор биржаларында тұрақсыздық орнайтын кездер болады, дағдарыс уақытында, көптеген ірі компаниялардың акциялары құлап жатады. Сол кезде инвесторлар сақтану үшін көптеп алтын сатып ала бастайды. Міне, осы уақыт шикізат және мұнай бағасы белгілі дәрежеде құлдыраған кезде бұл да үлкен сигнал. Өйткені шикізаттық ресурстарға сұраныс төмендеп, өндіріс ақырындап баяулайтынын білдіреді. Сөйтіп, көптеген инвест компаниялар өзінің құнын жоғалта бастайды. Осы кездерде көп инвесторлар алтынға ақша салғанды дұрыс көреді. Тағы бір айта кетерлігі, ақшалы азаматтар ақшасын сақтау үшін шетелдік валюталарды, долларды таңдайды. Әлемдік нарықта доллар құнын жоғалта бастаған кезде инвестиция ретінде тағы да алдыңғы кезекке алтын шығады. Әрине, бұл әр елге байланысты. Мысалы, долларға қатысты теңге құнын жоғалтып жатса, қазақстандық азаматтар өзінің ақшасын сақтау мақсатында алтын сатып алады. Соңғы жылдары Ұлттық банктің шығарған алтын құймаларын қалаған көлемде сатып ала алады. Сондай-ақ оның өтімділігі де жоғары, егер қайтып сатам десеңіз де Ұлттық банк қайта сатып алады, бұл айырбастау пунктері арқылы жүзеге асады. Алтынның бір үлкен артықшылығы сол, қаражатыңыздың ұзақ мерзімге сақталуына септігін тигізеді. Бірақ бір мәселе, бұл бүкіл ақшаңызды алтынға салып қою деген сөз емес. Қаржыгерлердің кеңесі мынадай: ешқашан қаражатыңызды бір ұяшыққа салмаңыз, оны әртараптандырып, бірнеше ұяшыққа салғаныңыз дұрыс. Сондықтан жинағыңыздың 30 процентін ғана алтынмен сақтасаңыз болады, одан қалған бөлігін долларда, еврода және алты айға дейінгі жұмсауға қажет қаражатты теңгемен ұстауға кеңес береді.

Тағы да бір қоса кететін мәлімет Ұлттық банк резервтің белгілі дәрежедегі бөлігін алтынға салып қойған жағдайы бар. Және Ұлттық банк резевтерін көптеп алтынға ұлғайтып жатқан жағдайы бар. Өткен жылы алтынның бағасы қатты көтерілген болатын, Ұлттық банк алтын құнының өсуімен біраз табысқа кенелді деп айтар едім. Бұл да белгілі дәрежеде қай мемлекеттің алтын қоры көп болса, ол сол мемлекеттің резервінің тұрақты екендігін көрсетеді. Бұл да белгілі дәрежеде үлкен рөль ойнайды. Қазақстан алтын қоры жөнінен алғашқы он бестікке кіреміз. Бұл да мемлекетіміздің болашағы үшін қажетті резерв деп айтуға болады.

P.S. Алтын ел экономикасы үшін де, қарапайым халық үшін де қауіпсіз қор саналады. Демек жиғаныңыз алтын болса, болашағыңызға қам жемесеңіз де болады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

«КӨГІЛДІР ОТЫН» НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті 2020 жылға арналған тарифтік жобаның орындалуын талдау аясында «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалының тарифтік жоба шығындарының ережесін орындамау және бекітілген тарифті қолданбау фактілерін анықтады. Нәтижесінде «ҚазТрансГаз Аймақ» тұтынушыларға 1548508389 теңге сомасындағы залалды мың текше метр үшін 3320,45 теңге мөлшерінде тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау қызметтеріне 1 жылға уақытша өтемдік тариф енгізу жолымен қайтарады. Сондай-ақ ол қосылған құнға салынатын салықсыз жүргізілетін болады», – деп хабарлады министрлік.

Енді алдағы уақытта «ҚазТрансГаз Аймақ» Қызылорда өндірістік филиалына тұрғындарға келтірілген залалды өтеу міндеттеліп отыр. Неліктен олай болғанын әзірге ешкім дөп басып айта алмайды. Дегенмен бұл мәселеге қатысты «ҚазТрансГаз» аймақ өкілдерінің де айтар өз уәждері бар.

– Қазіргі таңда қызылордалықтарға газды «Бейнеу-Базой-Шымкент» газ құбырынан тасымалдап отырмыз. Жасыратыны жоқ, бүгінде «көгілдір отынның» тарифіне байланысты ел арасында түрлі әңгіме айтылуда. Еліміздің Оңтүстік өңірлері мен Батыс өңірлеріндегі бағамен салыстырсақ Қызылорда облысы орта деңгейде. Мәселен, Батыс аймақта тариф төмен, ал тиісінше Оңтүстікте бізден жоғары. Сондықтан мен біздегі бағаны аса қымбатқа шығып отыр дей алмаймын, – дейді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда филиалының бөлім басшысы Жолдасбек Әбенов өз сөзінде.

– «Арық атқа қамшы ауыр» демекші, облыста 2013 жылдан бері ілеспе газдың тарифі үш есеге өсіп, бүкіл коммуналдық қызмет түрлерінің бағасы күрт көтеріліп кетті. Мұның бәрі өз кезегінде тұрғындардың тұрмыстық жағдайының бұрынғыдан да төмендей түсуінің басты себептерінің бірі болып отыр. Дәл қазіргі таңда мұнайы мен газы бізбен шамалас, ал табысы 1,5-2 есе

жоғары көршілес Атырау облысында газдың текше метрі халыққа – 7,73, бюджеттік мекемелерге 21,8 теңгеден, Ақтөбе облысында тиісінше 9,65 және бюджеттіктерге 15,2 теңгеден таратылып тұрса, Қызылорда облысының тұрғындары оны 20,9 теңгеден, бюджеттік мекемелер 46 теңгеден сатып алуда. Ал облыс аумағын газбен қамтамасыз ететін «Ақшабұлақ» кен орнынан бұрыннан бері бағасы өзгеріссіз босатылуда. Арнайы жасалған келісім бойынша бұл баға 2030 жылға дейін өзгермеуі тиіс еді. Бұған қоса, 2006 жылы сол кездегі облыс әкімі «ҚазГерМұнай» компаниясымен тұрғындарға берілетін газдың бағасын 10 жылға дейін 7 теңгеден асырмау жөнінде меморандум қабылдаған болатын. Алайда осындай келісімдер болғанына қарамастан, облыста қазіргі таңда газдың бағасы ретсіз көтеріліп, жыл сайын орта есеппен 4-5 млрд теңгені ешбір негізсіз артық төлеулеріне жол берілуде. Осыған тоқтам қоятын кез келді, – дейді «Ардагерлер дауысы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Ибадулла Әбибуллаев бізбен әңгімесінде.

Бағаның қымбат болуына қарамастан, қара халық қалтасындағы қаржысын қағып төлеуде. Қалай айтқанда да газ бағасы жыл сайын қымбаттап барады. Тиісті сала мамандары бұл мәселені сараптап, халықтың қалтасына қонымды бағаны ретке келтіретін кез келді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

ӨНЕРТАПҚЫШТАР ОЙ САЛДЫ

«Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы аясында зияткерлік мектеп оқушыларының ғылыми жобалар сайысы өз мәресіне жетті. 400-ден астам оқушылардың басын қосқан желілік додаға сырбойылық өрендер 22 зерттеу жұмысын ұсынды. «Мектепішілік кезеңде барлығы 47 жұмыс қаралды. Ең үздіктері желілік байқауға жолданды. Оқушылардың ғылыми еңбектері мен өнертабыстары өңірдің дамуына, әртүрлі салалардың жандануына арналған», – дейді мектеп директорының орынбасары Ләззат Абдраимова.

12-інші сынып оқушысы Баянсұлу Төлебай медицина қызметкерлеріне көмекші болатын робот құрастырса, 11-сынып оқушысы Даяна Хегай ауылшаруашылық саласына қажетті тыңайтқыштарды, тұқымдарды шашатын көпфункционалды ұшу аппаратының прототипін жасады.

«Бұл қондырғы өсімдіктер ауруын және өрттердің алдын-алуда дикандарға үлкен көмекші бола алады. Көп энергияны қажет етпейді және үлкен аумақтарды бүркуде өте тиімді», – дейді жас өнертапқыш.

Судың сапасын жақсартуда және өндірістік суларды тазартуда 12-інші сынып оқушысы Зарина Айсауытова өзінің оңтайлы шешімін ұсынды. Яғни кальций силикатының золін вакумда өңдеу және оның мыс катиондарын сорбциялау қасиетін зерттей отырып, экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді әдісін ойлап тапты.

Ал Әділет Сәду мен Жібек Айдарбекова биометриялық параметрлер арқылы науқастарды сәйкестендіру әмбебап құрылғысын бағдарламалады. Оны алдағы уақытта жедел жәрдем көліктерінде орнатып, алғашқы көмек көрсетуде пайдалануға болады. «Бұл экспедиция әрбір қатысушының зерттеушілік дағдыларын арттырып, қоғам үшін маңызды проблемаларға бей-жай қарамай, оларды шешуге үлесін қосуға тәрбиелейді. Жас зияткерлер бірі-бірімен тәжірибе алмасып, ғалымдардың сұхбаттасып, білімдерін кеңейтті», – дейді Жібек Айдарбекова.

Байқауда «Селт еткізер, ерен ой» бағыты бойынша сайысқа түскен Жангерей Зинелов «Туған өлкем» шығармашылық туындысын таныстырды. Бұл композицияда жас зияткер Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болған Қызылорданың тарихы мен даму бағыттарын түрлі-түсті бояулар арқылы жеткізе білді.

«Картинадағы «Сыр ана» монументі көпұлтты өңірдің бірлігін сипаттаса, тарихи ескерткіш – темір жол вокзалы қаланың сәулетін бейнелейді. Ал «Қорқыт ата» мемориалдық кешені, зымыран, Сырдария өзені және күріш алқаптарын үйлестіру арқылы мен Сыр өлкесінің мәдени, рухани және экономикалық байлығын көрсеттім. Бұл туынды арқылы мен өзімнің туған өлкеме деген ыстық ықыласымды жеткізгім келді», – дейді жас суретші.

Сондай-ақ қызылордалық зияткерлер Сығанақ, Жанкент қалашықтарындағы тың зерттеулерімен, Аралды қайта қалпына келтіру, еліміздің экономикасын әртараптандыру және Қызылорда өңірінің экологиялық мәселелерін шешу бағытында идеяларымен бөлісті.

Айта кетейік, қатысушылар «Ұлы дала өркениеті», «Туған өлкем – жұмақ мекен!», «Ұлт руханияты – бабалар аманаты», «Инновациялық даму», «Жасыл планета», «Әлеуметтік кәсіпкерлік және жаңа идеялардың күші», «Біздің күшіміз – бірлікте» бағыттары бойынша өнертабыстарын таныстырды. Сонымен қатар «Туған жер – тұғырым» тақырыбында эссе жазып, өз өлкесі жайлы құнды деректермен бөлісті.

«Ақмешіт ақпарат»

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

Көнеден көш тартып, жаңа заманға табан тірегелі көп дүние өзгерді. Біздің уақытты адамзат тарихындағы қарым-қатынастың ең дамыған дәуірі деуге болады. Қазір әлеуметтік желі, ғаламтордағы байланыс адамдардың ішкі мәдениетін ғана емес, сауаттылық деңгейін де көрсететін қабілетке ие десек қателеспейміз. Сіз бен біздің электронды хат алмасуымыздағы сөйлем құрау шарттарымыздың сақталуы тілдік білім дәрежеміздің сапасын аңғартатынын білеміз. Ал қазақ жастарының әлеуметтік желідегі жазу үрдісі қай деңгейде? «Аяқсыз» қазақ әріптері мен «қысқарған» сөздер тізбегінен құтыла алды ма?

ӘЛЕМЖЕЛІ:

Дұрыс жазып жүрсіз бе?

Әлемдік жалпыға бірдей байланыстың өзгеше сипат алғанына ғасыр енді толады. Адамзат «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» телефонға таңғалып үлгермей, әлеуметтік желінің кереметіне тап келді. Бүгінде дәуірдің игілігі ортақ құндылыққа айналды. Алайда әпсәтте қалаған кісімен виртуалды байланыс орнатуға мүмкіндік беретін желі қазақ тілін әбігерге салуда. Соның ішінде әлеуметтік желідегі жастарға көп айтылатын негізгі сын – орыс тілін араластыра сөйлеуі және қазақ тілінің ережелерін сақтамауы.

Басында мұндай қателікті көбіне смартфондағы қазақ әріптерінің болмауымен байланыстырғанымен, кейіннен бұл олқылық ретке келген кезде де келеңсіздік тоқтамады. Екеуара онлайн хат алмасқан екі жастың бірі «калын калай?», «каксын?», «өз калайсн?» деген негізсіз қолданысты әдетке айналдырған. Орыс тілінде бір таңбаның орынсыз қауымның қатары артып келеді. Әлемдік білім деңгейіне қол созған жастар алдымен қазақ тілінің қолданыс аясын, дәрежесін көтеруге барынша күш салуда. Тіпті әлеуметтік желіде қазақша сөйлеу, дұрыс жазу бастамасы көтеріліп, қолдаушылар саны жыл санап артып келеді. Яғни, «көш жүре түзеледі» десек, мұндай мәселе шешімін табатын уақыт алыс емесі анық.

Дегенмен бізді алаңдататын басқа мәселенің шеті шығуда. Қандай мәселе дейсіз ғой? Ол – латын графикасына көшу бастамасы. Дұрыс жазу емлесі, негізгі ережелер қабылданатыны белгілі. Алайда қазақ жастары өзгеріске дайын ба? Ғасыр болған кириллицада қателік жіберетін жастар жаңа енген латынды қалай жүйеге келтіреді? Тіл – тірі организм. Ол қарым-қатынас арқылы өзгеріске ұшырайды. Демек латын графикасын күнделікті қолдануда да өзгеріс болады деген сөз.



Оған басты екі мынадай себеп бар. Алғашқысы – бүгінде латынды қолданатындар, соңғысы – ағылшын тілінің таңбалау тәсілі.

Қазіргі таңда жастар арасында латын графикасын қолдану бұрыннан қалыптасқаны анық. «Майл.ру» қосымшасы арқылы танымал болған 2010-2015 жылдар аралығында қолданушының көбі латын графикасын пайдаланды. «Ш» дыбысының орнына «W» таңбасын, «б» дыбысына «V» таңбасын қолдану белең алған. Сондықтан ендігі өзгерісте бұрыннан қалған әдеттің салқыны тиюі бек мүмкін. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуді бастаған жастар күнделікті қолданыста сол тілдің таңбалау әдісін

Қазіргі таңда жастар арасында латын графикасын қолдану бұрыннан қалыптасқаны анық. «Майл.ру» қосымшасы арқылы танымал болған 2010-2015 жылдар аралығында қолданушының көбі латын графикасын пайдаланды. «Ш» дыбысының орнына «W» таңбасын, «б» дыбысына «V» таңбасын қолдану белең алған. Сондықтан ендігі өзгерісте баяғыдан қалған әдеттің салқыны тиюі бек мүмкін. Сонымен қатар ағылшын тілін үйренуді бастаған жастар күнделікті қолданыста сол тілдің таңбалау әдісін қолдануы мүмкін. Мұндай келеңсіздік орын алмау үшін латын графикасының электронды пернетақтасын дер кезінде орнатып, әлеуметтік желідегі сауатты жазуға үндеу маңызды.

Алайда әлеуметтік желіде отыратын көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жастың саны арту керек менінше. Оған қоса бұл ережелердің барлығы 5 сыныптан бастап үйретілетінін ойласақ, жастарға деген реніш туындайды, – дейді ұстаз Алмагүл Якудаева.

Мынаны қарайықшы. Өзімізге белгілі ағылшын тілінде қиын әрі көп қолданыстағы сөздердің өзіндік қысқарту тәсілі бар екен білеміз. Ал қазақ тілінің төрт әріпті сөзін одан әрі келте қайыратын не әдет? Білмеймін, енді мұнымыз нағыз қателіктің бастауы. Бұл ешбір тілдік талапқа сай келмейтін «нест?», «жатрм», «отырм», «келятрм», «не жан?» тәрізді сөздердің көбеюіне әкелуде.

Әрине, бұл сөз жастың бәрі жеңіл ойлайды, көптің дені сауатсыз деген ой емес. Қазақ тіліне бейжай қарамайтын қолдануы мүмкін. Мұндай келеңсіздік орын алмау үшін латын графикасының электронды пернетақтасын дер кезінде орнатып, әлеуметтік желідегі сауатты жазуға үндеу маңызды.

Жалпы ғаламжеліде тілдік нормаларды барынша сақтаған жөн. Әрине, әлеуметтік желіде үнемі әдеби сөз қолдану орынсыз болуы мүмкін. Оған қоса ауызекі сөйлеу әдісі тағы бар. Алайда қазақ тіліне құрмет дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу арқылы келетіні белгілі. Сондықтан өзіңізді әрдайым сауатты ұстап, өзіңізге қарамақарсы сөйлеп отырған адамның қателігін түзеуді әдетке айналдыру қажет. Сол кезде ғана екінші жақтағы сөйлеуші де түзелері анық.

А. БЕРДІБАЙҰЛЫ

Сенбіде қала күні мерекесінің ашылуы және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Салауатты Қызылорда» атты жеңіл атлетикадан марафон өтті. Бұл жарысқа тек қана қала немесе облыс тұрғындары емес, еліміздің Түркістан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан аймақтарынан және Алматы, Шымкент қаласынан спортшылар арнайы келіп қатысты.

ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫ

Марафонның ашылу салтанатында сөз сөйлеген қала әкімі Ғанибек Қазантаев қатысушыларды қала күні мерекесімен құттықтап, сәттілік тіледі:

– Шынайы пейілдеріңізбен қастерлі мекеніміздің мерейлі мерекесіне орай ұйымдастырылған шараға қатысуға белсенділік танытқандарыңызға алғысымды айтамын. Қала көшелерінің бойымен жөңкіген бұлттармен жарыса межеге жеңіл жетулеріңізге сәттілік тілеймін. Жүгіруді дағдыға айналдырған тұрғындарымыздың саны арта берсін! Сүйікті қаламыздың төл мерекесі құтты болсын! – деп лебізін білдірген шаһар басшысы өзі де сайысқа қатысушылармен бірге жүгірді.

Қашықтығы 10 шақырымды құрайтын марафон «Сыр ана» монументінен басталып «Теміржолшылар» саябағына дейін созылды. Ал мәре сызығына алғаш болып жеткендерді қала әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов арнайы құттықтады.

Нәтижесінде марафонның мәре сызығына алғаш жеткендер қатарында бірінші келген қармақшылық желаяқ Р.Келманов, екінші орын иеленген М.Мақшат пен үшін болып аяқтаған Н.Бөкенбайұлы болды. Одан бөлек, әйелдер арасында I орынды Петропавалдан келген спортшы В.Сергеева жеңіп алса, И.Юнгкинд пен Г.Панасинко өзара II және III орынды бөлісті. 1 орынды иеленген жеңімпаздарға 100 мың теңге, екінші орынға 75 мың теңге және үшінші орынға 50 мың теңге сыйақы берілді.

Жарыста ерекше спортшылар да арнайы марапатталды. Мәселен, А.Ким мен И.Юнгкинд «Ең жасы үлкен марафоншы» номинациясын иеленсе, Д.Баймаханов пен Н.Жұманова «Белсене қатысқаны үшін» алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ Ж.Сағынай мен Н.Еменбаев «Тәуелсіздік құрдасы» атты арнайы марапат иегері атанды.

ДІНИ САУАТ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

5-6 қазан аралығында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті жанындағы РАТТ мүшелері аймақта мемлекеттік дін саясаты бойынша облыс тұрғындарымен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жоба аясында РАТТ мүшелері – ҚР АҚДМ Дін істері комитетінің Дінтану сараптамасы басқармасының басшысы Н.Қабылов, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты, аға оқытушы Р.Батталұлы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Әйелдер қыздар секторының меңгерушісі А.Тілегенова және Алматы облысы дін істері басқармасы Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының бөлім басшысы Е.Матаев жазасын өтеушілермен, мешіт жамағатымен, өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар және студенттермен, «Жусан» жобасы аясында елге оралған әйелдер және әйелдер жамағатымен сонымен қатар облыстық, қалалық АТТ мүшелерімен кездесіп, ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ кездесу барысында Қызылорда облысының дін мәселесі жөніндегі арнайы құрылған өңірлік ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы талқыланды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ұсынымына сәйкес өңірлік ақпараттық-түсіндіру тобы мемлекеттік және бюджеттік сала қызметкерлерімен, жастар және жастар ұйымдарымен, діни бірлестіктер және діндарлармен және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі жазасын өтеушілер және олардың туыстарымен кездесушілер тобы ретінде 4 бағытта жұмыс атқарады.

Бүгінгі таңда аймақта құрамның арнайы жұмыс жоспары бекітілген. Түрлі сала өкілдерінен 245 адам тартылып, 9 ақпараттық-түсіндіру тобы жүйелі түрде жұмыс істейді.

«Ақмешіт ақпарат»

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ВЕЛОСИПЕДТІ ҰРЛАҒАН

Қалатұрғыны көпқабатты үйдің подъезінде тұрған велосипедін ұрлап кеткені туралы Қызылорда қаласы Полиция басқармасына арызданған. Тексеру барысында тұрғын велосипедін подъезде қалдырып кеткені, қараусыз тұрған велосипедті белгісіз біреу жасырын ұрлап кеткені мәлім болған.

Аталған қылмысқа байланысты жедел іздестіру шараларының нәтижесінде велосипед ұрлаған облыс орталығының тұрғыны анықталып, құрықталған. Құқық бұзушыдан заттай дәлелдеме ретінде велосипед алынды.

Ұрлықшыға қатысты ешқайда кетпеу туралы қолхат түрінде бұлтартпау шарасы қолданылып, тіркелген дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІЗДЕУДЕГІ АЗАМАТ ҰСТАЛДЫ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері жедел іздестіру жұмысы барысында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабы 3-бөлігі бойынша қылмыс жасап, тергеуден бой тасалап, 2019 жылдан бері халықаралық іздеуде жүрген Қызылорда қаласының тұрғынын ұстады.

Жедел уәкілдер күдіктіні қала аумағындағы үйлердің бірінде жасырынып жатқан жерінен құрықтаған. Қазіргі уақытта қылмыскер Қызылорда қалалық Полиция басқармасының уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынған.

68 ҮЙРЕК АТҚАН

Арал аудандық полиция бөліміне «ОХОТЗООПРОМ ӨБ» РМҚ Қызылорда өңірлік филиалы мекемесінің қызметкерінен заңсыз аңшылық туралы хабарлама келіп түскен.

Онда Қаратерең ауылы маңында «ОХОТЗООПРОМ ӨБ» РМҚ Қызылорда өңірлік филиалы мекемесінің қызметкерімен Арал аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлескен рейдтік шара барысында 46 жастағы азаматтың басқаруындағы «Нива» автокөлігін тоқтатқаны айтылған.

Тексеру барысында автокөлік ішінен 3 аңшы мылтығы мен 22 қасқалдақ, 68 үйрек табылған. Оқиға орнына шыққан жедел-тергеу тобымен 46, 55 және 52 жастағы аудан тұрғындары ұсталып, барлық айғақты заттар тәркіленді.

Аталған дерек бойынша Жалағаш аудандық полиция бөлімімен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 337 бабының 3 бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ТІРКЕУДЕ ЖОҚ ВИНТОВКА ТӘРКІЛЕНДІ

Қазан айының 1-14 күндері аралығында «Жалданушы-2021» жедел-профилактикалық іс-шаралар кешені өткізілуде. Жедел профилактикалық шара барысында Қызылорда облысының полиция қызметкерлерімен құқық бұзушылықтың 15 дерегі анықталды.

Мәселен, шетелдік азаматтардың елімізде болу қағидаларын бұзудың 7 дерегі анықталып, оларға қатысты көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік хаттама толтырылған.

Одан бөлек, облыс тұрғындары тарапынан заңсыз сақтауда тұрған 8 дана қару тәркіленді. Оның ішінде полиция қызметкерлерімен жүргізілген рейд барысында Жаңақорған ауданы тұрғынының автокөлігінен ішкі істер органдарында тіркеуде жоқ иір ойықты винтовка тәркіленіп, ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен қылмыстық іс қозғалды.

«НЕЛЕГАЛ-КОРДОН» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАСЫ БАСТАЛДЫ

ҚР ІІМ-нің нұсқауына сәйкес ағымдағы жылдың 11-18 қазан аралығында облыс аумағында «Нелегал-Кордон» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Осы іс-шараға облыстық полиция департаментінің қызметкерлері жұмылдырылып, арнайы мобильді топтар құрылып, облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершіліктерге тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп рейдтік іс-шаралар жүргізілмек.

«Ақмешіт ақпарат»

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1485

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ